

## ЖОЛ СІЛТЕУШІ ЖҰЛДЫЗДАР

Қазақстанның бұрын-соңды болмаған шығармашылық өрлеуінің жарқын бір белесі – ұлттық опера өнерінің туып, өркендеуі болды. Бұл ежелгі қазақ жерінде мәдени революция салтанат құруының жарқын көрінісі еді.

Көркемөнерпаздар халықтың өз арасынан өсіп-жетілді. Олардың ішінде екі ұлы есім, екі үлкен әртіс тағдыры көзге түседі. Күләш Байсейітова мен Мұқан Төлебаев жүріп өткен екі тамаша өмір жолы еді. Олар біздің әрқайсымызды ұмытылмас әсерге бөлеп, қайталанбас әсемдігімен және құдіретімен баурап алады.

Күләш пен Мұқан – халықтың қалың қойнауынан шыққан тума таланттар. Олардың өмірбаяндарының алғашқы жолдарында сипатты жақындық бар. Олар бір мезгілде дерлік дүниеге келген. Күләш өзінің қызықсыз балалығымен тек бір жыл бұрын ғана қауышқан. Бұл Верный қаласындағы кішкентай ғана балшық үй болатын. Күләштің ата-анасы – Зибажан мен Жасын өте кедей адамдар болған. Шаршап-шалдыққан Зибажан төсек тартып жатып қалғанда, жоқшылық үйді мүлдем билеп алды. Жоқшылық Жасынды жиын-тойларға барып, қамкөңіл, ашқұрсақ жан үй ішін асырау үшін көңілді әндерді беріле шырқауға мәжбүр етті. Алайда ән бұл отбасын бақытқа бөлей алмады, бұлар баланы тастап, Балтабай ауылына көшіп кетті...

Өткен бұлыңғыр жылдар арасынан тағы бір ауыл көрініс береді – Қарашыған ауылындағы кедей шаруа Төлебайдың отбасында ұл бала дүниеге келді. Оны күтіп тұрған өмірдің де қызығы аз еді. Қараша үйде қызылды-жасылды кілемдер мен заттардың орнына басқа баға жетпес байлық мол еді – бұл туған халқының ән-жыры болатын. Мұқанның анасы Тәжібала өнерлі адам еді.

...Мінеки, әскери салт аттылар қазақ даласын дүбірлетіп өтті. Таң атты. Бұл – 1920 жыл.

Қаланың шет жағындағы шым үйлерді аралап жүрген басына қызыл шыт байлаған әйел жаңа ашылған балалар үйінің тәрбиешісі еді. Күләш бұл әйелге құлшына ерді.

Күләш – тәжірибелік мектептегі драмалық үйірменің мүшесі. Осы мектепте ол Қызылордадан келген әртістер – Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов, Қалыбек Қуанышбаевтармен кездеседі. Он жеті жасында ол Қазақ драма театрының табалдырығын аттайды. Театрдың музыкалық студиясы қойған «Айман-Шолпан» атты тұңғыш спектакльде Күләш Айман партиясын үлкен табыспен орындады.

Бұл кезде Мұқан колхозда өз күшімен театр ұйымдастырады. Ол қазақ халық әндерін орындаушы ретінде де көзге түседі.

Ұзамай халық өнері қызметкерлерінің Бүкілқазақстандық слетінде Күләш пен Мұқан кездеседі. Осы кезден қазақ кеңес музыка өнерінің екі тамаша шеберінің ұзақ та терең шығармашылық достығы басталады. Алайда олардың көркемөнерпаздық өсу жолдары бірдей дамыған жоқ. Күләш шығармашылық өзін-өзі жетілдірудің қиын да күрделі жолымен тамаша жетістіктерге көп

қиналмай-ақ қол жеткізді. Мұқан болса еліміздің ірі музыкалық жоғары оқу орны – П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясында жүйелі музыкалық білім алады. Музыкалық сауат ашу негіздерімен тұңғыш танысқанда ол 23 жаста болатын. Мұқан көп қырлы музыка ғылымының негізіне бас қойғанда, оның талабы бозбаланың күштарлығынан кем емес еді. Атақты кеңес композиторлары Рейнгольд Глиэр мен Николай Мясковский оның ұстаздары болды.

Сырт қарағанда Мұқан мен Күләштің өздерінің әртістік болашағына барар жолдары әрқилы болған сияқты. Алайда екеуінің де шығармашылық негізі бір – көпғасырлық халықтық, ақындық-әншілік мәдениеті еді. Халық өнерінен тамыр тартқан тереңдік белгілі бір жағдайда олардың ортақ шығармашылық талпынысына айналды. Бұл – сезімдер шынайылығы, ойын нанымды етіп жеткізе білу, көркем бейнелердің халықтығы және ақиқаттығы.

Күләш пен Мұқан өнерлерінің осындай жоғары бағыттылығына ұлы орыс музыка мәдениетімен тығыз байланыстылығы да өз әсерін тигізді.

Күләш Байсейітованың жиырма жасында орындаған арманшыл Қыз Жібектің табындырғыш, қобалжуға толы бейнесінде, одан кейін «Жалбырдағы» – Қадишаның озат қыз бейнесі, «Ер Тарғындағы» – Ақжүністің өркөкірек, тоқаппарлығы арқылы әншінің күрделі шығармашылық өсу жолы анық сезіледі.

Мұқан Төлебаевтың өсу жолында да осыған ұқсас құбылыстар бар. Оның алғашқы туындыларынан-ақ бірегей шығармашылық қолтаңбасы айқындалды. Күләш өнерпаздығы сияқты, бұл жерде де халықтық-әншілік мәдениет тамыры дәстүрлі орыс музыка мектебінің әсерімен нәрлене түскен. Мұқанның шығармашылық өнерінде «Аттан, қазақ!», «Соқ, барабан», «Жорық», «Кестелі орамал», Зоя Космодемьянскаяға арналған «Таня туралы» (бұл ән Ұлы Отан соғысына арналған музыкалық шығармалар конкурсында сыйлық алған) сияқты патриоттық шығармалар өмірге келді.

Соғыс жылдары жағдайында Күләш Байсейітованың репертуарында жаңадан вокальдық сахналық партиялар пайда болды. Біз ол сомдаған Евгений Брусиловскийдің Сәбит Мұқанов либреттосына жазған (режиссері Құрманбек Жандарбеков) «Гвардия, алға!» атты әскери-патриоттық спектакліндегі батыр қыз Сайра бейнесін бей-жай көре алмаймыз. Оның орындауындағы Захария Палиашвилидің «Даиси» операсынан лирикалық Маро бізді ерітіп әкетеді.

Күләш Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсындағы Татьяна бейнесін беруде жанаша өрнек тапқан. Автор материалын өзінен артық түсінген Күләш Татьяна бейнесін лирикадан пафосқа көтерген, жалбарынуды ынтықтық құмарлыққа, жасқаншақ мойындаушылықты ұлы махаббат сезімінің толқулы гимніне дейін ұластырған. Актрисаның шығармашылық даралығы осылайша көрініс тапқан.

Пуччинидің осы аттас операсындағы Чио-Чио-Сан трагедиясы көрген жанның есінен шықпайды. Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди жазған «Абай» операсындағы Күләш сомдаған Ажар бейнесі өзінің адамгершілік жылуы, ұлттық мінезімен тебіренеді.

Ұзамай «Біржан-Сара» опералық жауһар туындысындағы жүрек тулатар Сара бейнесі дүниеге келді. Опера авторы Мұқан Төлебаев кеңес музыка

тарихына қазақ Глинкасы деген атпен енді. Халық қайнарынан, халық дәстүрінен бастау алғандық Мұқанның сазгерлік шеберлігіне тән маңызды сипат болып табылады.

Бұл жолда ол өзінен бұрын өмір сүрген, өзіне рухани жақын әнші, өмір сүрген ортасының қараңғылығынан дарыны күдіреті барынша ашыла алмай кеткен Біржан салмен қуана қауышады. Операны тудырған Біржан салдың лайықты ізбасары Мұқан болса, қазіргі заманғы алдыңғы қатарлы музыка өнерімен қаруланған жан болатын. Толымды суреткер көзімен ол көрерменге бостандық сүйгіш ақынның жан дүниесін ашып көрсетіп, оның әндерінің мәңгілік екенін дәріптеді.

Біржан тақырыбы осылайша Мұқан шығармашылығында екінші өмірін бастады. Операның тамаша партитурасын қазақ халқының ұлттық мақтанышы деп атауға лайық. Таза ұлттық суреткер Мұқан Төлебаев революцияға дейінгі ескі ауылдың өмірі жайлы шеберлікпен әңгімелеп береді. Бас кейіпкер қас жауларының қолынан қаза тапса да, оның рухани күші аспанда әлі де қалықтап жүргендігін паш етеді.

Күләш те Мұқан тәрізді үлкен суреткер. Оның үні біздің құлағымызда. Күләш даусының қайталанбас әуезінде қазақ даласының бүкіл бояуы көрініс береді. Күләштің дарыны да оның әріптесі әрі досы Мұқан шығармашылығы сияқты нағыз халықтық, ұлттық реңімен құнды.

Олардың екеуіне де халықтық идеал, ұлттық өнер өміршендігі қымбат. Бұл дегеніміз – нағыз әртіс табиғаты, шығармашылық мұраты, өмірге құштарлық үлгісі.

Қазақ кеңес өнерінің дара тұлғалары – Күләш Байсейітова мен Мұқан Төлебаевқа Кеңес Одағының халық әртісі құрметті атағы берілді. Олардың озық идеялық-шығармашылық дүниетанымы ортақ еді. Күләш пен Мұқан ешқашан өмірге жеңіл-желпі қарамаған, осы өмір жолында мәңгі жасар халық өнерін серік еткен жандар. Бұл — олардың жол сілтеуші жұлдызы еді.

*Казахстанская правда. – 1972. – июль /  
ауд.: Ә. Орынбаева*